

«Түркістан БГҚ» ЖШС

**ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес
қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

2025 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ
ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай жөніндегі есеп.....	1
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс жөніндегі есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есеп.....	3
Капиталдағы өзгерістер жөніндегі есеп	4

Қаржылық есептілікке ескертпелер

1 Компания және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер.....	5
2 Қаржылық есептілік дайындау негізі	5
3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат	6
4 Маңызды бухгалтерлік бағалау және болжамдар	10
5 Негізгі құралдар.....	12
6 Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар.....	13
7 Ақша қаражаты және оның баламалары.....	13
8 Жарғылық капитал.....	13
9 Қарыздар.....	13
10 Кредиторлық берешек.....	14
11 Жалпы және әкімшілік шығыстар.....	15
12 Басқа шығындар.....	15
13 Байланысты тараптармен мәмілелер	15
14 Шарттық және шартты міндеттемелер.....	17
15 Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты	18
16 Қаржы құралдарының әділ құны	20
17 Есептік күннен кейінгі оқиға	20



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Түркістан БГҚ» ЖШС Қатысушысына, Директорлар кеңесіне және Басшыларына

Қаржылық есептілікке аудит жүргізу туралы есеп

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік «Түркістан БГҚ» ЖШС (бұдан әрі - «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Компанияның келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс»

Әл-Фараби даңғылы, 34, А ғимарат, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7 (727) 244 6868, www.pwc.com/kz

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы біздің қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын Аудиторлық қызмет туралы заңның әдеп талаптарына және жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) сәйкес Компанияға тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Басшылықтың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен дұрыс ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте және біздің пікіріміз берілген аудиторлық есеп шығарылымында алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;

Біз басшылықпен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers



Бекітілді:

Азамат Конратбаев

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің 1999 жылғы 21 қазан
№00000005)

Қол қойылды:

Құмарбек Бердіқұлов

Құмарбек Бердіқұлов
Орындаушы аудитор
(2014 жылғы 6 тамыз
№ МФ-0000188 Аудитордың біліктілігі
күәлігі)

2026 жылғы 27 ақпан


Алматы, Қазақстан

«ТҮРКІСТАН БГҚ» ЖШС
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы жөніндегі есеп

Мың теңге	Ескер.	2025 ж. 31 желтоқсан	2024 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	212,956,840	55,415,612
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	6	216,674,110	221,798,931
Өтеуге ҚҚС		3,054,647	1,412,387
Кейінге қалдырылған салық активтері		184,254	-
Материалдық емес активтер		14,210	11,975
Айналымнан тыс активтер жиыны		432,884,061	278,638,905
Айналымдағы активтер			
Қорлар		30,382	27,387
Басқа дебиторлық берешек		16,614	3,624
Қаржылық активтер		300	1,500
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,134,344	207,028
Басқа қысқа мерзімді активтер		89,258	26,381
Ақша қаражаты және оның баламалары	7	22,977,267	119,042,601
Айналым активтерінің жиыны		24,248,165	119,308,521
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ		457,132,226	397,947,426
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕ			
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	8	121,789,866	121,789,866
Жинақталған залал		(37,986,220)	(762,795)
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		83,803,646	121,027,071
Ұзақ мерзімді міндеттеме			
Қарыздар	9	276,825,890	275,016,894
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	10	404,814	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		277,230,704	275,016,894
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Кредиторлық берешек	10	52,310,682	772,675
Қарыздар	9	41,480,573	-
Қызметкерлер алдындағы міндеттемелер		604,350	676,048
Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер		7,345	3,236
Басқа қаржылық міндеттемелер		1,506	1,506
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер		1,693,420	449,996
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		96,097,876	1,903,461
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		373,328,580	276,920,355
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕ ЖИЫНЫ		457,132,226	397,947,426

Компанияның 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілігін басшылық 2026 жылдың 27 ақпанында бекітті.

Басшылық атынан:


 Абдигалиева Гүлбаршын
 Пернехановна - Басқарма төрағасының
 экономика және қаржы жөніндегі
 орынбасарының м. а. - Басқарма
 мүшесі




 Баймурзина Гүлмира Исмагуловна
 Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп
 және есептілік департаментінің
 директоры

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ТҮРКІСТАН БГҚ» ЖШС

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс жөніндегі есеп

Мың теңге	Ескер.	2025 ж.	2024 ж.
Жалпы және әкімшілік шығыстар	11	(1,487,302)	(1,411,936)
Басқа шығындар	12	(40,300,824)	(697,258)
Операциялық қызметтен шығын		(41,788,126)	(2,109,194)
Басқа кірістер		74,150	939,496
Пайыздық кіріс (таза)		2,551,110	394,043
Бағамдық айырмашылықтан түсетін табыс (нетто)		2,534,586	258,866
Салық салуға дейінгі шығын		(36,628,280)	(516,789)
Табыс салығы бойынша шығыс		(595,145)	-
БІР ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА		(37,223,425)	(516,789)
Жыл ішіндегі басқа жиынтық кіріс		-	-
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН ЖИЫНЫ		(37,223,425)	(516,789)

Компанияның 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілігін басшылық 2026 жылдың 27 ақпанында бекітті.

Басшылық атынан:



Абдигалиева Гүльбаршин
Пернехановна - Басқарма төрағасының
экономика және қаржы жөніндегі
орынбасарының м. а. - Басқарма
мүшесі




Баймурзина Гүльмира Исмагуловна
Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп
және есептік департаментінің
директоры


«ТҮРКІСТАН БҒҚ» ЖШС

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есеп

Мың теңге	Ескер.	2025 ж.	2024 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы:			
Жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(232,372)	(1,735,200)
Қызметкерлерге ақшалай төлемдер		(893,567)	(848,065)
Алынған пайыздар		10,691,683	175,153
РЕПО бойынша алынған сыйақы		996,431	220,920
Төлем көзінен төленген корпоративтік табыс салығы	12	(36,032,446)	-
Бюджетке төленген өсімпұлдар мен айыппұлдар		(2,493,952)	-
Корпоративтік табыс салығынан басқа өзге де салықтар		(116,215)	(81,736)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(1,706,715)	(26,273)
Шетел валютасымен операциялар бойынша түсімдер		(497,602)	691,878
Басқа түсімдер		50,679	269,415
Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер		(36,386)	(67,667)
Комиссия төлеу бойынша төлемдер		-	(853,784)
Басқа төлемдер		(197,635)	(451,425)
Операциялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану		(30,468,097)	(2,706,784)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы:			
Негізгі құралдарды сатып алу		(66,252,754)	(14,911,560)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(5,741)	(13,854)
Банк салымдарын қайтару		2,248	2,000
Банк салымдарын орналастыру		(1,047)	(3,001)
Инвестициялық қызметте ақшалай қаражатты таза пайдалану		(66,257,294)	(14,926,415)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жарғылық капиталға жарна	8	-	33,000,000
Алынған қарыздар	9	-	100,828,393
Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза түсімі		-	133,828,393
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		(96,725,391)	116,195,194
Ақша қаражатына және оның баламаларына айырбас бағамының өзгеруінің әсері		654,509	258,866
Ақша қаражатына және оның баламаларына күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті есептеудің әсері		5,548	(14,481)
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	7	119,042,601	2,603,022
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	7	22,977,267	119,042,601

Компанияның 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілігін басшылық 2026 жылдың 27 ақпанында бекітті.

Басшылық атынан:


 Абдигалиева Гульбаршин
 Пернехановна - Басқарма төрағасының
 экономика және қаржы жөніндегі
 орынбасарының м. а. - Басқарма
 мүшесі




 Баймурзина Гульмира Исмагуловна
 Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп
 және есептілік департаментінің
 директоры

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«ТҮРКІСТАН БГҚ» ЖШС
2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер жөніндегі есеп

Мың теңге	Ескер	Жарғылық капитал	Жинақталған шығын	Жиыны
2024 ж. 1 қаңтарға		88,789,866	(246,006)	88,543,860
Бір жылдағы таза шығын		-	(516,789)	(516,789)
Басқа жиынтық табыс		-	-	-
Бір жылдағы жиынтық шығын жиыны		-	(516,789)	(516,789)
Жарғылық капиталға жарна	8	33,000,000	-	33,000,000
2024 ж. 31 желтоқсанға		121,789,866	(762,795)	121,027,071
Бір жылдағы таза шығын		-	(37,223,425)	(37,223,425)
Басқа жиынтық кіріс		-	-	-
2025 ж. 31 желтоқсанға		121,789,866	(37,986,220)	83,803,646

Компанияның 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілігін басшылық 2026 жылдың 27 ақпанында бекітті.

Басшылық атынан:



Абдигалиева Гультбаршин
 Пернехановна - Басқарма төрағасының
 экономика және қаржы жөніндегі
 орынбасарының м. а. - Басқарма
 мүшесі




Баймурзина Гультмира Исмагуловна
 Бас бухгалтер - Бухгалтерлік есеп
 және есептілік департаментінің
 директоры

1 Компания және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер

Осы қаржылық есептілік «Түркістан БГҚ» ЖШС-ға (бұдан әрі – «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды.

Компания 2011 жылғы 27 шілдеде «PVH Development» ЖШС атауымен құрылды және 2022 жылғы 31 наурызда «Түркістан БГҚ» ЖШС атауымен қайта тіркелді.

Компания тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізеді. Компания жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған.

Компанияның қатысушысы

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Компанияның жалғыз қатысушысы болып табылады (бұдан әрі – «Қатысушы» немесе «Самұрық-Қазына»). Қатысушы 2024 жылғы 30 қыркүйектегі сенімгерлік басқару шартының негізінде Компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% өзінің еншілес ұйымы — «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-қа сенімгерлік басқаруға берген. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның түпкілікті бақылаушы тарапы болып табылады.

Негізгі қызмет

Компанияның негізгі қызмет түрлері Түркістан облысында қуаты 1000 МВт-қа дейінгі парогаз қондырғысы (ПГУ) базасында электр станциясын салу, көмірсутектер негізінде электр және жылу энергиясын өндіру, сондай-ақ электр энергиясын өткізу болып табылады. 2022 жылы Компания Түркістан облысында қуаты 1000 МВт-қа дейінгі парогаз қондырғысы базасында алдын ала жобалау жұмыстарын жүргізді. 2023 жылы электр станциясының құрылысы шеңберінде кірме жолды, сыртқы газбен жабдықтау жүйесін, Бадам су қоймасынан су алу жүйесін су құбырын салумен қоса жобалау, сондай-ақ сыртқы электрмен жабдықтау бойынша жұмыстар басталды. 2022 жылғы 23 тамызда Компания «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп-айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-мен (бұдан әрі – «ЕҚО») маневрлік генерация режиміндегі жаңадан пайдалануға енгізілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр қуатының дайындықты қамтамасыз ету қызметін сатып алу туралы шарт жасасты.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 161100, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукуент ауылдық округі, Ақсу ауылы, Жібек жолы көшесі, 55-ғимарат.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда 105 адам жұмыс істеді (2024 жылғы 31 желтоқсанда – 132 адам).

2 Қаржылық есептілік дайындау негізі

Сәйкестік туралы өтініш

Осы қаржылық есептілік қаржылық құралдардың бастапқы танылуы әділ құн бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидаттарына негізделі отырып, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есеп саясаты туралы маңызды ақпарат 3-ескертпеде келтірілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, аталған есеп саясаты есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды. Бұл қағидаттар қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге бірізді түрде қолданылды.

Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған және өзгеше көрсетілген жағдайларды қоспағанда, барлық көрсеткіштер мың теңгеге дейін дөңгелектелген.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы қаржылық есептілікті активтерді іске асыру және міндеттемелерді қалыпты қызмет барысында, алдағы болжамды болашақта өтеу көзделетін үздіксіз қызмет қағидаты негізінде дайындады. Басшылық Компанияны таратуға немесе қызметін тоқтатуға ниетті емес және үздіксіз қызмет қағидаты туралы жорамалдар негізді деп есептейді. Мұндай пайымдауды қабылдау кезінде Басшылық Компанияның ағымдағы ниеттері мен қаржылық жағдайын назарға алды.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Жаңа электр станциясының құрылысы белсенді түрде жалғасуда. «Самұрық-Қазына» қоры құрылысқа алынған қарыз бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның пайдасына кепілдік ұсынды. Компания маневрлік генерация режиміндегі жаңадан пайдалануға енгізілетін генерациялайтын қондырғылар үшін электр қуатының дайындықты қамтамасыз ету қызметін сатып алу туралы ЕҚО-мен шарт жасады. 2023 жылғы желтоқсанда құрылыс алаңының ауыстырылуына және жабдықтарды жеткізу мерзімдеріне әсер еткен күрделі геосаяси жағдайға байланысты жобаны аяқтау мерзімдері ұзартылды. Сондай-ақ қазіргі уақытта ЕРС шарты бойынша консорциум қатысушыларымен құрылыс мерзімдерінің ұзаруына және өзге де себептерге байланысты электр станциясын салу құнының ықтимал ұлғаюы жөнінде талқылау жүргізілуде. Басшылық 2026 жылғы желтоқсан айының соңына қарай электр станциясының алғашқы газ турбинасын Қазақстан Республикасының энергожүйесімен синхрондауды, ал объектіні пайдалануға беруді 2027 жылғы маусым айына жоспарлап отыр. Басшылық Компанияның алдағы болжамды болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетіне сенімді, алайда құрылыстың аяқталуына және операциялық қызметтің басталуына байланысты белгісіздіктердің бар екенін мойындайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен едәуір асып түседі. Компания құрылыс сатысында тұрғанын және қазіргі уақытта ақша ағындарын қалыптастырмайтынын ескере отырып, қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу үшін Басшылық Қатысушыдан қаржылық қолдау алуды жоспарлап отыр. 2026 жылғы ақпанда Компания Басшылығы Қатысушыдан хат алды, онда соңғысы міндеттемелерді өтеу мерзімдері келген сайын қаржылық қиындықтар туындаған жағдайда Компанияға жедел қаржылық қолдау көрсетуге, сондай-ақ алдағы болжамды болашақта және кемінде 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның қаржылық есептілігі бекітілген күннен бастап 18 ай бойы қызметті елеулі қысқартусыз жалғастыруды қамтамасыз ету ниетін білдірген.

Шетел валютасын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылған. Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операция тану өлшемшарттарына алғаш рет сәйкес келген күнгі тиісті айырбас бағамдары бойынша функционалдық валютаға қайта есептеліп көрсетіледі.

Шетел валюталарында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есептік күнгі айырбас бағамдары бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Ақшалай баптарды өтеу немесе қайта есептеу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамында танылады.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») қалыптастырылатын орташа өлшенген валюталық бағамдар пайдаланылады.

2025 жылғы 31 желтоқсанда ҚҚБ-ның валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 505,53 теңгені құрады. Аталған бағам 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларымен көрсетілген Компанияның ақшалай активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу үшін пайдаланылды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 525,11 теңге). 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін орташа өлшенген айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 521,31 теңгені құрады (2024 жыл: 1 АҚШ доллары үшін 453,54 теңге).

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар және аяқталмаған құрылыс бастапқы құны бойынша, жинақталған тозуды және егер бар болса, құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып есепке алынады.

Тозу негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйене отырып, тікелей сызықтық әдіс бойынша есептеледі.

Кейбір активтердің есептік пайдалы қызмет ету мерзімі төмендегідей түрде ұсынылған:

	<u>Жыл</u>
Жер	Амортизацияланбайды
Машиналар және жабдықтар	3-40
Ғимараттар мен құрылыстар	5-100
Басқасы	3-20

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Тарату құны, пайдалы қызмет мерзімі және негізгі құралдың тозуын есептеу әдісі әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралады және мұндай қажеттілік туындаған жағдайда перспективалы түрде түзетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есептік күнге Компания активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Мұндай белгілер болған жағдайда Компания активтің өтелетін сомасын бағалайды. Активтің немесе ақша қаражаттарын генерирлейтін бірліктің өтелетін сомасы келесі екі шаманың ең үлкені болып табылады: активтің (ақша қаражаттарын генерирлейтін бірліктің) шығарып тастауға жұмсалатын шығындарды шегергендегі әділ құны немесе активті (ақша қаражаттарын генерирлейтін бірлікті) пайдалану құндылығы. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтердің, атап айтқанда негізгі құралдардың, аяқталмаған құрылыстың және берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздану белгілері анықталды. Құнсызданудың негізгі индикаторы ретінде құрылыс мерзімдеріне байланысты белгісіздік және жобаның жалпы құнының қымбаттауы танылды.

Берілген аванстар

Жеткізушілерге берілген аванстар қаржылық есептілікте құнсыздануға арналған резервті шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Егер аванстарға қатысты тауарларды немесе қызметтерді алу күтілетін мерзім бір жылдан асса, немесе аванстар бастапқы тану кезінде ұзақ мерзімді актив ретінде есепке алынатын активке қатысты болса, олар ұзақ мерзімді активтер құрамында жіктеледі. Активті сатып алуға берілген аванс сомасы Компания осы активке бақылау алған және оған байланысты болашақ экономикалық пайдалардың Компанияға түсетіні ықтимал болған жағдайда, активтің баланстық құнына енгізіледі. Өзге аванстар оларға қатысты тауарлар немесе қызметтер алынған кезде азайтылады. Егер аванстарға қатысты активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбайды деген белгі болса, аванстардың баланстық құны құнсыздануға жатады және тиісті құнсыздану шығыны пайда немесе шығын құрамында танылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания үш бағыт бойынша жобалар аясында «кілтпен тапсыру» немесе «EPC» форматындағы кешенді жұмыстарды сатып алу жөнінде шарттар жасасып, мердігерлерге аванстар берген:

- 2023 жылғы 14 наурызда негізгі алаң бойынша Doosan Enerbility Co. Ltd. және «Bazis Construction» ЖШС құрамындағы консорциуммен шарт жасалды;
- 2023 жылғы 11 сәуірде және 6 маусымда 500 кВ Шымкент тораптық қосалқы станциясына 500 және 220 кВ көрнеулерінде электр энергетикалық жүйенің қуатын беру бойынша «Электромонтаж» АҚ және «Энергия» ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру институты» АҚ құрамындағы консорциуммен шарттар жасалды;
- 2023 жылғы 23 қаңтарда 3-санатты кірме автожол бойынша «Шымкент Автоматика» ЖШС және «City Engineering» ЖШС құрамындағы консорциуммен шарт жасалды. 2025 жылғы тамызда автожол пайдалануға берілді.

Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге сәйкес (стандартты шарттармен сауда жасау) активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сатудың барлық операциялары мәміле жасалған күні, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні танылады. Компанияның қаржылық активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары және басқа да ағымдағы қаржылық активтер кіреді.

Кейінгі бағалау

Есепті күндердегі жағдай бойынша компанияда амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер ғана болды.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Тануды тоқтату

Қаржылық актив (немесе қолданылған жағдайда – қаржылық активтің бір бөлігі не ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) қаржылық жағдайы жөніндегі есепте танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен түсетін ақша ағындарын алу құқығын берген жағдайда немесе «транзиттік» келісім шеңберінде алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа толық көлемде және елеулі кідіріссіз төлеу міндеттемесін өзіне алған жағдайда; және (а) Компания активке қатысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды берген болса; немесе (б) Компания активке қатысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды бермегенімен де, оларды өзінде сақтап қалмаса, бірақ осы активке бақылауды берген болса.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Сауда-саттық дебиторлық берешегі мен келісімшарт бойынша активтерге қатысты Компания ККШ есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Демек, Компания кредиттік тәуекелдің өзгеруін қадағаламайды және оның орнына әрбір есепті күнге болжамды резервті бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада шығындар ретінде таниды. Компания қарыз алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығындардың пайда болуының бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады.

Компания қаржылық актив бойынша дефолт орын алды деп есептейді, егер шартта көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілсе. Алайда, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компанияның өзінде ұсталып отырған кредиттік тәуекелді төмендету тетіктерін есепке алмай, келісімшартта қарастырылған қалған төлемдердің барлық сомасын алуы екіталай екенін көрсетсе белгілі бір жағдайларда Компания қаржылық актив бойынша дефолт болды деген қорытындыға келуі мүмкін. Егер Компанияда шартта көзделген ақша ағындарын өтеуге қатысты негізделген күтулер болмаса, қаржылық актив есептен шығарылады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша тікелей байланысты қарыздар, кредиттер және кредиторлық берешек жағдайында шегеріле отырып, әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа кредиторлық берешек пен қарыздар жатады.

Кейінгі бағалау

Кредиттер және қарыздар

Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен залал оларды тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизация есептелуіне қарай пайда немесе шығын құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссияларды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамына кіреді.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық жағдайы жөніндегі есепте қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Қарыздар бойынша шығындар

Компанияның ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындалу үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей байланысты қарыз бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша өзге барлық шығындар олар туындаған есептік кезеңде шығыстар құрамында танылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздарды төлеу және Компанияның қарыз қаражаттарын тартуына байланысты өзге де шығындар кіреді.

Жалпы және нақты мақсаттарға тартылған қарыздар бойынша шығындар, егер оларды тағайындалуы бойынша пайдалануға немесе сату үшін дайындау міндетті түрде елеулі уақытты талап ететін активті (белгілі бір талаптарға жауап беретін активті) сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей жатқызуға болатын болса, осындай активтің құнының құрамына енгізіледі.

Корпоративті табыс салығы

Корпоративтік табыс салығы Қазақстан Республикасының есептік күнге толық көлемде немесе негізгі бөлігінде қолданыста болған заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін салық салынатын пайдаға немесе залалға қатысты бюджетке төленуге немесе бюджеттен алынуға жататын соманы білдіреді. Корпоративтік табыс салығынан өзге салықтар әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Меншікті капиталда тікелей танылған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы жиынтық кіріс туралы есепте емес, меншікті капитал құрамында танылады. Компания Басшылығы салық декларацияларында көрсетілген, тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін позицияларды кезең-кезеңімен бағалап отырады және қажеттілігіне қарай бағалау міндеттемелерін қалыптастырады.

Қосымша құн салығы

Қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша өткізу кезінде Қазақстан Республикасының бюджетіне тауарлар жөнелтілген немесе қызметтер көрсетілген сәтте төленуге жатады. Сатып алулар бойынша ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактура алынған кезде өткізу бойынша ҚҚС-пен өзара есепке жатқызылады. Салық заңнамасы ҚҚС-ты нетто негізде есепке жатқызуға мүмкіндік береді. Тиісінше, қаржылық жағдайы жөніндегі есептің күніне дейін есепке жатқызылмаған өткізу және сатып алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдайы жөніндегі есепте таза негізде көрсетіледі. Қайтарылуға жататын ҚҚС есептік күннен кейінгі он екі ай ішінде төленуге тиісті ҚҚС-пен есепке жатқызу көзделетін мөлшерде ағымдағы актив ретінде танылады. Қайтарылуға жататын ҚҚС-тың қалған бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде танылады.

Ақша қаражаты және оның баламалары

қаржылық жағдайы жөніндегі есепте көрсетілген ақша қаражаты, қысқа мерзімді депозиттер және кері РЕПО операцияларындағы ақша қаражаты банктердегі ақша қаражатын және өтеу мерзімі үш ай немесе одан аз болатын, белгілі бір ақша сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеру тәуекелі елеусіз болып табылатын қысқа мерзімді жоғары өтімді депозиттерді қамтиды.

Шығындар

Шығыстар ақшалай қаражаттың қашан төленгеніне қарамастан, тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алған сәтте есепке алынады және олар жататын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал жарналар бастапқы құны бойынша танылады. Акционермен жасалатын өзге де операциялар дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін және басқа да операцияларды пайдалана отырып, Бас компаниядан алынған қарыздардың әділ құнына келтірілгенге дейінгі түзету сомасын білдіреді.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемелер

Компания қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілерді пайдаланудың салдарын жою бойынша болашақ жұмыстардың құнын қолданыстағы заңнама мен салалық практика талап ететін демонтаждың болжамды әдісін және жерді рекультивациялау дәрежесін ескере отырып, ішкі немесе сыртқы мамандардан алынған бағалаулар негізінде айқындайды.

